

## **Аңдатпа**

Дипломдық жобада электрондық поштаны жіберу үшін виртуалды корпоративтік желі құрылды. Виртуалды маршрутизатор параметрлерін қолдана отырып, ақпараттық қауіпсіздікті жүзеге асырудың практикалық әдісі көрсетілген.

Тәуекелдерді есептеуге қатысты бөлігінде ұйымның жобаны іске асырғанға дейін және одан кейінгі кейбір активтерінің қауіпсіздік көрсеткіштері әзірленген.

Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі бөлімі жоба қолданылатын үй-жайларға қойылатын негізгі талаптарды сипаттайды, сонымен қатар жарықтандыру мен ауаны салқындатудың қажетті мөлшерін есептеуді көрсетелген.